



**“ҒЫЛЫМ МЕН ҚОҒАМНЫҢ
САБАҚТАСТЫҒЫ:
ТІЛ, ИННОВАЦИЯ, МӘДЕНИЕТ”
Халықаралық форум**

**Международный форум
“ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ НАУКИ
И ОБЩЕСТВА:
ЯЗЫК, ИННОВАЦИИ, КУЛЬТУРА”**

14-16.10.2024 ж./г.

**Ғылыми еңбектер жинағы
Сборник научных трудов**

Алматы, 2024



әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Филология факультеті
Филологический факультет
«Орыс тілі мен мәдениеті» орталығы
Центр «Русский язык и культура»

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның 90-жылдығына арналған
«ҒЫЛЫМ МЕН ҚОҒАМНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ:
ТІЛ, ИННОВАЦИЯ, МӘДЕНИЕТ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ФОРУМ
«ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ НАУКИ И ОБЩЕСТВА:
ЯЗЫК, ИННОВАЦИИ, КУЛЬТУРА»,
посвященный 90-летию КазНУ имени аль-Фараби

2024 жылдың 14-16 қазаны
14-16 октября 2024 года

ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
СБОРНИК НАУЧНЫХ ТРУДОВ

Алматы, 2024

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Г96

Редакциялық алқа: ф.ғ.д., профессор Джолдасбекова Б.У.; п.ғ.д., профессор Бегалиева С.Б.; ф.ғ.к. Баянбаева Ж.А., ә.ғ.м., аға оқытушы Исалиева С.Т., докторант Жунисбаева А.

Редакционная коллегия: д.ф.н., профессор Джолдасбекова Б.У.; д.п.н., профессор Бегалиева С.Б.; к.ф.н. Баянбаева Ж.А., м.с.н., старший преподаватель Исалиева С.Т., докторант Жунисбаева А.

Ғылым мен қоғамның сабақтастығы: тіл, инновация, мәдениет: Халықаралық форумының ғылыми еңбектер жинағы. – 14-16.10.2024 ж. / жалпы ред. С.Б.Бегалиева, құраст. С.Т.Исалиева. – Алматы: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2024. – 491 б.

Взаимодействие науки и общества: язык, инновации, культура: Сборник научных трудов Международного форума. – 14-16.10.2024 г. // общ. ред. Бегалиева С.Б., сост. Исалиева С.Т. – Алматы: КазНУ имени аль-Фараби, 2024. – 491 с.

Жинақта 14-16.10.2024 ж. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Русский мир» қорының халықаралық жобасы аясында өткен «Ғылым мен қоғамның сабақтастығы: тіл, инновация, мәдениет» халықаралық форумының материалдары ұсынылған (2741Гр/І-168-24 гранты). Материалдардың авторлары – ғалымдар, ПОҚ, педагогтер, студенттер, магистранттар және докторанттар, шетелдік университеттер мен мектептердің өкілдері, ғылыми және практикалық қызметкерлер. Ұсынылған материалдар авторлық редакциясында жарияланған және ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтың, докторанттар мен қалың оқырманның қызығушылығын тудыратын болады. Материалдардың авторлары жарияланған мақалалардың, баяндамалардың, презентациялардың және т.б. мазмұнына жауапты.

В сборнике представлены материалы Международного форума «Взаимодействие науки и общества: язык, инновации, культура», который состоялся 14-16.10.2024 г. в КазНУ имени аль-Фараби в рамках международного проекта Фонда «Русский мир» (грант 2741Гр/І-168-24). Авторы материалов – ученые, ППС, педагоги, студенты, магистранты и докторанты, представители зарубежных вузов и школ, научные и практические работники. Представленные материалы публикуются в авторской правке и будут интересны научному и педагогическому сообществу, докторантам и широкому кругу читателей. За содержание опубликованных статей, докладов, презентаций и др. несут ответственность авторы материалов.

ISBN 978-601-7171-20-9

© Бегалиева С.Б., Исалиева С.Т., 2024

СОДЕРЖАНИЕ

Приветственная речь	7
Разумовская В.А. Сибирский культурный код в оригиналах В.П.Астафьева и переводах	9
Султан Е. Эдебиет пәнін оқытуда заманауи цифрлық технологияларды қолдану	15
Жумабекова А.К. Роль мировых языков в переводе на казахский язык вузовских учебников по филологическим дисциплинам	18
Кулмаматов Д.С. Из истории употребления арабизмов в русском и узбекском языках	23
Икромзода Х.И. Специфика перевода спортивной лексики (на материале таджикского и русского языков)	26
Шерматова С. Способы вербализации невербальных средств в рассказах Ч.Айтматова	29
Шаймерденова Н.Ж. Наука без границ в XXI веке: траектория и апробация исследований филологов	32
Коропченко А.А. О евразийской интеграции: к 10-летию договора о ЕАЭС	36
Ешкембеева Л.В. Инновационный потенциал обучающего пространства	41
Скнарёв Д.С. Маркетинг и лингвокультурология: проблема взаимодействия (на примере рекламной коммуникации)	47
Султанова Ш.М. К вопросу о межкультурной письменной коммуникации в контексте глобализации	51
Амурова У.Б. Казахстанская филология в цифровую эпоху: от исследовательской парадигмы к проектной деятельности	56
Семенова В.И. Тюркский субстрат в антропонимии эхиритских бурят	62
Жаркынбекова Ш.К., Галиева Б.Х. Трансформация ценностных приоритетов казахстанской молодежи в условиях современной реальности	68
Каллибекова Н.Т. Естественный билингвизм: социальный и когнитивный потенциал для устойчивого развития и формирования культурных Ценностей	75
Зейнебекова М.С. Особенности перевода романа А.Нурпеисова «Последний долг» на русский язык	79
Жумаева К.Б. Билингвизм как инструмент межкультурного диалога	84
Temirgaliyeva G. Bridging cultural gaps: the role of headings in scientific discourse	88
Казачкова М.Б. Культурный код в русском и казахском фольклоре (на примере сказок, былин и преданий)	93
Владимирова Л.П. Мировые языки в высше образовании	98
Sodiqova S.I. Secondary nomination: linguistic approaches and analysis	103
Картабаева А.А. Роль дискурсивной компетенции при обучении иностранному языку студентов неязыковых специальностей	107
Жилкелди Н.Ж., Куратова О.А. Лингвокультурные особенности корпоративных блогов в русском и английском языках	114
Андреева М.И., Солнышкина М.И., Музафалова Н.И. Номинации референтов культурного кода России как предиктор сложности текстов русского языка как иностранного	119
Раловец А. Концепт «Справедливость» в классическом русском детективе как базовая константа человеческого сознания	124
Синь Юйхан. История и тенденция развития социально-педагогической деятельности в Китае.....	131

<i>Adilkhan M., Zhambylkyzy M.</i> Integration of artificial intelligence in English language learning process: perception of students	135
<i>Алиахунова Р.Р.</i> Мифопоэтические традиции в поэзии «Серебряного века»	139
<i>Nessipbay G.B., Mambetova M.K.</i> Problems of term formation in Kazakh and English business terminology	147
<i>Симакова М.С.</i> Языки вечности. Непреходящий смысл мировых художественных нарративов	152
<i>Абишева У.К.</i> Конструирование женской субъективности: из истории феминистской критики	158
<i>Титова Н.С.</i> Жанрово-композиционное своеобразие романа в стихах «Сварогов» В.А.Шуфа: к 160-й годовщине со дня рождения поэта Серебряного века	164
<i>Полехина М.М.</i> Концептуализация героического в произведениях Виктора Астафьева о Великой Отечественной войне	171
<i>Балхова С.Я.</i> Лингвистический анализ художественного текста «Шахнаме» Фирдоуси	178
<i>Уразаева К.Б.</i> Идентичность как объект изучения русской литературы	181
<i>Идрисова Э.Т.</i> Зеркало как элемент фольклорной обрядности в поэзии Серебряного века	187
<i>Мамадамонова С.Н.</i> Роль литературных произведений в мировом культурном наследии (тезисы)	192
<i>Ли Имя, Ли Вэньгэ.</i> Защита и развитие литературных произведений с точки зрения нематериального культурного наследия	194
<i>Толегенова Р.К.</i> Гендерные особенности и модели семьи в творчестве Л.Петрушевской и Л.Калаус	199
<i>Абдрахман Г.</i> Цифровые технологии в обучении русскому языку	205
<i>Алибекова К.Е.</i> Пословицы как ключ к сокровищнице культурного наследия: новая роль в лингвистике и лингводидактике	210
<i>Taubayev Zh.T.</i> The study of eponyms from literary names	217
<i>Какишева Н.Т.</i> Тема войны в произведениях русскоязычных писателей Казахстана	221
<i>Вавулиди И., Шмакова Е.С.</i> Традиции русской классической литературы в рассказе Н.Веревочкина	227
<i>Аладьина А.А., Минайдарова М.Е.</i> Современные тенденции в синтаксическом строе русского языка	230
<i>Серікбек Н., Сарбасов С.Б.</i> «Моңғолдың құпия шежіресің» зерттелу тарихы	235
<i>Тулеуова Г.Р., Сарбасов Б.С.</i> Ежелгі мұралардағы ағаш культі	240
<i>Karymkhan A.A., Nurlangazykyzy B.</i> Adapting dickens: techniques for enhancing accessibility in “Oliver Twist”	244
<i>Тлеулинова М.Б., Сейденова С.Д.</i> Қазақтың ұлттық тағам атауларының аударылу ерекшелігі (Д.Исабековтың «Гаухартас» әңгімесі негізінде)	251
<i>Даутова Г.Р.</i> Применение искусственного интеллекта в области литературы	255
<i>Kenzhekozhayeva A.</i> A modern adaptation of the stories about Hodja Nasreddin	261
<i>Токтар Г.</i> Алаш әдебиетінің батыс және шығыс әдебиетімен байланысы	265
<i>Набиолла Н.</i> Тарбағатай өңірінің топонимдері	268
<i>Досанова Қ.С.</i> Экранизированные образы персонажей фольклора тюркских народов	274
<i>Ешімов Т.Қ.</i> Постмодернизм в рассказах А.Алтая	282
<i>Жұрсынқанова Ж.Ж.</i> Эффетивные методы и приемы концептуального изучения художественного произведения в старших классах	287

<i>Тлеужан Д.</i> Мектеп оқушыларына көркем шығармаларды оқыту арқылы тұлға қалыптастырудың рөлі	293
<i>Полатбек Г.Ж.</i> Шерхан Мұртаза мен Шыңғыс Айтматов шығармашылығындағы рухани сабақтастық	296
<i>Құрманхан А.Р.</i> Общациональная идея «Мәңгілік Ел»: познание и воспитание	301
<i>Муратбаев А.А.</i> Цифрландыру дәуірінде қазақ халық ертегілерін жаңғырту	306
<i>Мәтбек Н.Қ., Аубакирова Б.Б.</i> Жаксылық Сәмитұлы шығармаларындағы көркемдік әлем	309
<i>Кәдірхан Е.Ж.</i> Анализ произведений Абдул-Хамида Мархабаева по определению теоретических особенностей жанра научной фантастики	314
<i>Отызбаева Р.Н.</i> Эрих Мария Ремарк «Батыс майнанында өзгеріс жоқ» романындағы ер адам бейнесі	319
<i>Тлебалдықызы Г.</i> Қазақ әдебиетіндегі заманауи жұмбақ ерекшеліктері	325
<i>Бекезина Т.А.</i> Телеграм-канал как средство Lifelong Learning для изучающих русский язык как иностранный	330
<i>Аманжолова Д.Б.</i> Digital gumanitaristic: корпусная лингвистика в казахстанском контексте	334
<i>Любивая А.</i> Использование инструментов КЛИЛ в преподавании русской литературы иностранным учащимся (тезисы)	338
<i>Iskakbayeva A.</i> Integrating digital tools into specialized translation pedagogy	340
<i>Туманова А.Б.</i> Элективный курс «Экология языка» - важная составляющая профессиональной подготовки филологов	348
<i>Салханова Ж.Х., Шаршова Р.Н.</i> Digital технологии в лингвистическом образовании	355
<i>Касымова Р.Т.</i> Развитие критического мышления на основе разноуровневых заданий по русскому языку	361
<i>Чжун Мухуэй, Сюй Хун.</i> Культурный обмен на Шелковом пути: межкультурный диалог в древней литературе	367
<i>Акашева А.О., Сегизбаева М.А.</i> Роль и значение корпусных технологий в формировании навыков языковых компетенций у будущих педагогов при изучении цветообозначения «белый»	375
<i>Жаналина И.М.</i> Роль информационных технологий в преподавании филологических дисциплин	382
<i>Zhunisbayeva A.S., Begaliyeva S.B.</i> Digital Humanities capabilities in the preparation of scientific projects	385
<i>Макимова Г.Т.</i> Цифровые технологии в преподавании филологических дисциплин	388
<i>Байгунакова А.С., Бегалиева С.Б.</i> Роль проектной деятельности в развитии междисциплинарных компетенций у будущих учителей	394
<i>Саяхмет С.С.</i> Система упражнений как условие эффективной языковой подготовки профессионального филолога	398
<i>Уразбаева Ж.А.</i> Развитие языковой культуры в условиях мегаполисов	401
<i>Сарсекеева Н.К.</i> Символика леса в одноименной пьесе А.Островского и его интерпретации	407
<i>Хегай В.М.</i> Языковая экономия как отличительный признак русского рекламного текста	412
<i>Еркебекова Э.К.</i> Публицистический дискурс как вид институционального дискурса	417
<i>Ковалева Е.Г.</i> Ресурсные возможности и преимущества инфографического текста для работы на уроках РКИ	420

<i>Саньярова Н.С., Касымбекова А.Б.</i> Изучение инфинитивных предложений на практических занятиях по русскому языку в казахской аудитории	427
<i>Минайдарова М.Е., Мыханова Ж.Б.</i> Использование интернет-ресурсов на занятиях русского языка в вузе	435
<i>Ермекова Б.</i> Балалар әдебиетіндегі білім мен тәрбие: қазақ және ағылшын шығармаларына салыстырмалы талда	439
<i>Муратова А.М.</i> Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романында кездесетін мақал-мәтелдер мен авторлық афоризмдердің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері	442
<i>Таусоғарова А.Қ.</i> Вербалды экстремистік материалдар лингвистикалық сараптаманың зерттеу нысаны ретінде	446
<i>Изгереева Д.Ж.</i> Мифологические структуры в романе Е.Замятина «Мы»	457
Доклады и презентации спикеров	461
Резолюция	490
Фотогалерея	491

3. Таныстыру немесе модельдеу. Тұтынушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратын шешім қандай? Мұны тұтынушыларға қалайша тікелей жеткізген жөн?

4. Итерация. Даму талаптарына қалай бейімделеді? Іс жүзінде бұл қаншалықты пайдалы? Қай тұстарын өзгерткен дұрыс?

Жоғарыда аталған мәселелерді ескере отырып, Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі ертегілерді насихаттауда мынадай жолдарды ұсынамыз:

Көлеңке театры. Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі ертегілердің мән-мазмұны жастар орталықтарында көлеңке театры арқылы қойылса;

Аудиодискі. Қазақ ертегілері аудиодискілерге жазылып, балабақшаларға таратылса. Балалар түскі үзілістегі ұйқы алдында тындаса;

Флеш-жады. Қазақ халық ертегілерінің мультипликациялық жинағы флеш-жадыға енгізіліп, оқушылар мен студенттерге тегін таратылса;

Жапсырмалар. Қазақ халық ертегілеріндегі жағымды кейіпкерлердің жапсырмалары шығарылса;

Мультипликация. Телеарналарда қазақ халық ертегілері мультфильм ретінде көбірек көрсетілсе, оның ішінде, 3D форматында қойылса;

Кітаптар мен материалдар. QR-код арқылы 3D форматында, 5D форматында, 7D форматындағы кітаптар мен материалдар (кейіпкерлерге жан бітіріп) шығарылса;

Мемлекеттік тапсырыс. Қазақ халық ертегілерін насихаттау мақсатында ұйымдастырылатын іс-шараларға мемлекеттік тапсырыс берілсе;

Қазақ ертегілерін зерделеп, жаңғыртқанда ғана тіліміздегі ұмыт болған сөздер қайта айналымға қосылады, бала қиялының шекарасы кеңейеді, жастарды ізгілікке тәрбиелейміз, ұлттық құндылықтарымызды тарих шаңының астында қалдырмаймыз.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған ұсыныстарға қазіргі таңда күллі әлем бойынша көптің көңілінен шығып, біраз саланың жұмысын жеңілдетіп жатқан жасанды интеллект жайлы біраз сөз қоссақ болады. Себебі, ол да техниканың жетістігі. Ақпарат алмасу, білім-ғылымды ілгерілету сияқты мәселелерге келгенде жасанды интеллект орасан зор пайдасын тигізеді.

Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2019. - 266 б.
2. Әуезов М., Ысмайылов Е. Ертегілер. - Қазақ ертегілер жинағының 1-томы, 1957. – 7-36 бб.
3. Қасқабасов С.А. Классикалық зерттеулер: көп томдық / ҚР Білім және ғылым м-гі, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты; . - Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 382 б.
4. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны. Oxford University Press. 2013 316 бет
5. Дүйсенбайұлы Е. Қазақ ертегілері: - Алматы: Жазушы, 2009. – 318 б.

ЖАҚСЫЛЫҚ СӘМИТҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМ

МӘТБЕК Н.Қ.¹, АУБАКИРОВА Б.Б.¹

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

(Алматы, Қазақстан)

nursulu.m@mail.ru, aubakirova.balzhan.1998@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиетіне елеулі үлес қосқан жазушы Жақсылық Сәмитұлының

өмірі мен шығармашылығы, сондай-ақ жазушылық шеберлігі жайында сөз қозғалады. Жазушының прозалық шығармаларын талдай отырып, көркемдік ерекшеліктеріне баға беріледі. Автор шығармаларындағы тақырыптардың әртүрлілігі мен идея маңыздылығы талданады. Көркем туындыдағы ұлттық құндылықтардың сақталуының маңыздылығы бас кейіпкерлердің мысалымен дәлелденеді. Қазақ әдебиетіндегі әдеби мінез жасау барысындағы қаламгердің жаңашылдығы жайы баяндалады. Шығарманың көркемдігін арттырудағы баяндау мен пейзаждың рөлі жоғары екені белгілі. Мақалада автор туындыларындағы баяндау стиліне мән беріледі. «Қаһарлы Алтай» романындағы пейзаж мәселесі қозғалады. Мақаланың мақсаты: жас әдебиетшілер мен оқырмандар назарына Жақсылық Сәмитұлының кесек туындылары мен олардың көркемдік сипатын ұсыну. Болашақ әдебиет мамандарын автор шығармашылығымен тереңірек таныстыру.

Түйін сөздер: Қазақ әдебиеті, көркемдік әлем, кейіпкер мінезі, жазушылық шеберлік, тақырып, идея, сюжет, композиция, стиль, символ.

Аннотация. В этой статье рассказывается о жизни и творчестве писателя Жаксылыка Самитовича, внесшего значительный вклад в казахскую литературу, а также о его писательском мастерстве. Оцениваются художественные особенности писателя с анализом его прозаических произведений. Анализируется разнообразие тем и значимость идей в произведениях автора. Важность сохранения национальных ценностей в художественном произведении подтверждается примерами главных героев. Излагается новизна писателя в процессе построения литературного характера в казахской литературе. Как известно, роль повествования и пейзажа в повышении художественности произведения высока. В статье обращается внимание на стиль повествования в произведениях автора. Затрагивается вопрос пейзажа в романе «Қаһарлы Алтай». Цель статьи: представить вниманию молодых литераторов и читателей произведения Жаксылыка Самитовича и их художественный характер. Ознакомление будущих специалистов литературы с авторским творчеством.

Ключевые слова: Казахская литература, художественный мир, характер персонажа, писательское мастерство, тема, идея, сюжет, композиция, стиль, символ.

Abstract. This article tells about the life and work of the writer Zhaksylyk Samitovich, who made a significant contribution to Kazakh literature, as well as his writing skills. The artistic features of the writer are evaluated with an analysis of his prose works. The variety of topics and the significance of ideas in the author's works are analyzed. The importance of preserving national values in a work of art is confirmed by the examples of the main characters. The novelty of the writer in the process of building a literary character in Kazakh literature is set forth. As you know, the role of storytelling and landscape in increasing the artistry of the work is high. The article draws attention to the narrative style in the author's works. The issue of landscape is touched upon in the novel "Kaharly Altai." The purpose of the article: to present to the attention of young writers and readers the works of Zhaksylyk Samitovich and their artistic character. Familiarization of future literature specialists with author's work.

Keywords. Kazakh literature, art world, character character, writing skills, theme, idea, plot, composition, style, symbol.

Қазақ әдебиетінің толысуы тек қана қазақ жерінде жүрмегені тарихымыздан белгілі. Төл өнеріміздің, көркемсөздің дамуына өз үлесін аямай қосқан тұлғаларымыз әр кезеңде өз заманының көркем шындығы мен тарихи шындығын қаламына арқау еткен. Шығармаларындағы көркемдік әлемнің ерекшелігімен көзге түсетін сондай бір нар тұлға – Жақсылық Сәмитұлы.

Жақсылық Сәмитұлы әдебиетке алғашқы қадамын поэзиямен бастаса да уақыт өтіп шыңдала келе проза әлемінде елеулі еңбектер қалдырған. Жазушының қаламынан туған шығармалардың көркемдік әлемі мен образдар галереясы жеке талдауды талап етеді. Оның шығармашылығы тақырыптың саналуандығымен ерекше. Тарихи тақырыпты сөз еткен туындыларында тек қана заман тынысы емес, қазақилықтың иісі аңқып тұрады. Зерттеу еңбектерінде: «Жазушылар жеке адамға тән мінезді жасаған кезде адамның өмір жолдарын, іс-әрекеттерін баяндайды, сол арқылы оның мінезінің қалай қалыптасқандығын елестетеді. Жақсы не жаман мінез бір күннің не бір жылдың ісі емес, талай жыл, талай өмір соқпақтарының нәтижесі екендігін аңғартады...» [1; 39], – деп көрсетілген. Ал Жақсылық Сәмитұлының тарихи тақырыптағы шығармаларында тек кейіпкердің әдеби мінезі ғана шебер

берілмеген, тіпті әр кейіпкер бойындағы әдеби мінез жинақталып келіп талай тағдыр соқпағынан өткен қазақ халқының көркем мінезін бейнелеген.

Жақсылық Сәмитұлының өмірі мен шығармашылығынан хабары бар оқырманның жазушы басынан өткен талай қиындықтар жайында хабардар. Өмірінің жиырма жылға жуық уақытын қуғын-сүргінде өткізген жазушының біраз шығармаларына арқау болған тақырып та Қытайдың ішкі саясатынан жәбір көрген қандастарымыз жайлы болуы заңды құбылыс. Филология ғылымдарының докторы Орда Гүлжаһан Ж.Сәмитұлының 75 жылдығына арналған конференция жинағында жарық көрген мақаласында автор шығармашылығын мынадай кезеңдерге бөліп қарастырады: «...соңғы отыз жылда шығармашылықпен айналысқан жазушының бұл жылдарын да өз ішінен екіге бөліп қарастыруға негіз бар. Алғашқы он бес жылдығы Қытайдағы қазақ әдебиетінің еншісіне тисе, өмірінің соңғы жылдарында атажұртта өткен жылдары жазылған дүниелері тәуелсіздік тұсындағы ұлттық әдебиеттен орын алған туындылар» [2; 10]. Бұл тұжырыммен толықтай келісеміз, себебі шығармалардың сюжеті мен тақырыбынан да осы өзгешелікті анық байқауға болады.

Жазушы 1980-1990 жылдар аралығында қазақ әдебиетін «Әке бейіті», «Қамашпен қайта кездесу», «Айым менің», «Ұрпақ», «Бөгенай», «Сұлудың шарапаты», «Құлақ», «Ұмытылмас қонақасы», «Ана сүті», «Ақ боз атты әулие», «Тамшы», «Әнші қыздың бір құпиясы», «Дүрегей сәулем», «Менің жеңгем», «Сіле», «Мүше болу», «Жүрегіңнен айналдым» сынды әңгімелерімен толықтырды. Осы жылдары автор қаламынан «Атамекен» сынды бірнеше хикаяттар да жарық көрді. Бұл шығармалардың көп бөлігіне Қытай жерінде қандас бауырларымыздың тыныс-тіршілігі арқау болды. Оны біз әңгімелердегі Қамаш секілді басты кейіпкерлердің тағдырынан байқаймыз. Ал тәуелсіздік жылдарындағы қазақ халін суреттейтін туындылардың көп бөлігі 1991-2006 жылдар аралығында жарық көрген еді. Оларға мысал: «Қырсық», «Тарымдағы бір шынар», «Ақ сәуле», «Тосын оқиға», «Белгілі мінез», «Сарыала қаз», «Екі метр жер», «Офицердің жесірі», «Таныс дәрігер» және т.б. әңгімелер бола алмақ. Бұл еңбектерден бөлек жоғарыда сөз еткен Жақсылық Сәмитұлының тарихи шындықты арқау еткен кесек туынсын атап өтуіміз керек. Ол қиын замандардағы қазақ рухының көрінісі бола білген Оспан батыр жайында жазылған «Қаһарлы Алтай» романы. Автор басқа туындылар бір төбе болса, «Қаһарлы Алтай» романы жалғыз өзі бір төбе. Бұл дегеніміз жазушының басқа туындыларының көркемдігі төмен деген сөз емес, керісінше шығармалардың шиеленісуі, образдарды жасау шеберлігі, кейіпкер психологиясы мен мінезін суреттеудегі автор шешімі осы әңгімелерді жазу барысында шыңдалып келіп роман жазылуында биік дәрежеге көтерілген.

3.Қабдоловтың «Сөз өнері» еңбегінде: «Талант неғұрлым ірі болса, соғұрлым қарапайым болатыны, көркем шығарма неғұрлым шебер жазылса, соғұрлым ұтымды болатыны мәлім...» [3; 36], – деген пікірмен келісе отырып, Жақсылық Сәмитұлының дәл осындай қарпайым ғұмыр кешкен талант иесі екеніне көзіміз бек жетеді. Ал жазушының шебер туындыларынан авторға тән жеке стильді, біртұтас ой желісін үзбей жұмыр композиция жасай алу қабілеті мен оқырман үшін қызықты тақырыптарды көре аламыз.

«Жазушы шындық болмыстың картинасын көрсеткенде, оны жанды етіп суреттеу арқылы, ол суреттеген нәрсесіне өзінің қалай қарайтынын да көрсетеді: бұл суреттерге ол қуана ма, ызалана ма, болмаса аяй ма, қайғырма ма, жек көре ме т.б., қысқасы, осылар туралы өзінің сезімін және көзқарасын анық көрсетеді» [1; 28]. Расында, Жақсылық Сәмитұлының шығармаларына арқау болған тақырыптардың бірі Қытайдағы «Мәдени төңкерістің» құрбаны болған қазақ жастарының тағдыры болатын болса, сол кейіпкерлер болмысын жасаған кездегі автордың көз қарасын анық байқай аламыз. Оның жарқын мысалы «Ана сүті» әңгімесі. Бұл шағын ғана әңгіменің көркемдігі мен айтқысы келген идеясы талай көлемді туындылардан асып түспесе, кем түспейтіні анық. Шығарма ана берген тәрбиенің адамның сүйегіне сіңетін қасиеті жайында басталып, сюжет қазақтың жас жігітіне айып тағылып, тергеу жүріп жатқан сәтпен жалғасады. Автор басты кейіпкердің сол сәттегі жаланы мойындауын тамаша сарказммен жеткізеді: «...Бұрын бұндайды көрмеген басым қайтерімді білмей дал болдым...

Өзім де зерекпін-ау шіркін! Миыма қона кетті. Құтылудың жолын оңай таптым. Біреу келіп бір түйіп кеткен сайын басымды тіземе тигізіп шұлғып тұрып мақұлдай бердім:

- Дұрыс, бұлық айдап жүргенде төрт күнде сегіз атты зорықтырып өлтірдім...

- Мақсатың не?

- Социализмді аудармақпын...» [4; 60]. Үзіндіде беріліп тұрған жағдай сол сәтте жастардың басынан өткен қиын кезеңде миға сыймайтын, тіпті күлкілі себептерді ойлап тапқан жүйені сынау деуге негіз бар. Оны автор баласының ынжықтығына күйінген анаға айтқызады: «Мүйізін кескен қошқар өліп, капитализм тіріле ме? Социализмді қошқардың мүйізі тіреп тұр ма екен? Айт жаныңның барында!...» [4; 63]. Жазушы тек жүйені ғана сынап қоймай, сол әділетсіздікке қарсы тұра алмағандарды айыптап отырғаны анық.

Жақсылық Сәмитұлы бұл әңгімесінде Самұрық құсты символ ретінде қолданған. Себебі самұрұқ құс қазақ халқы үшін еркіндіктің жаршысы. Самұрұқ өз балапандарын қалай торып қорғаштаса да, оларды мықты құсқа айналдыру жолында темір тегеурінін аямай бүреді. Дәл солай бұл әңгімеде де ана өз баласының ез болмауы үшін, әділдік жолында күресуі үшін қатал әмір жасайды. Қазақ халқында ана әмірі атазаңнан кем емес екендігін кейіпкер әрекетінен байқаймыз. Осындай аналарымыздан тәлім алған жастарымыз мәдени төңкеріс кезінде адамдарға ғана емес, жүйеге қасқайып қарсы тұрды.

Автор шығарманы мынадай жолдармен түйіндейді: «...Аузым қанға толған сәттерде де , ана сүтінің дәмі бірге кетіп қалмасын деп ішіме жұттым. Ақ сүт қой ол! Ар-намыс шұбаты емес пе?! Маған нәр берген – соның құдіреті!... » [4; 65]. Бұл үзінді арқылы жазушының идеясын артық бояусыз-ақ ашып тұрған керемет шеберлікті көре аламыз. Жақсылық Сәмитұлын өзгелерден даралап тұратын ерекшелігі де осы. Ол әр шығармасында ұлтына деген шынайы жанашырлықты жүректің қылын шерте отырып жеткізе алады. Жазушы тіпті лирикалық прозаларының өзінде ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрдің құдіреттілігін дәріптейді. Бұл сөзімізге «Қаданның ғашығы» әңгімесіндегі бас кейіпкердің әкенің бір ауыз сөзінен аттамаған тектілігі дәлел. Ал ер мінезділік пен қазақы намысты көрсететін әңгімесі - «Көк иірім». Шығармада Алтай жеріне «тәртіп» орнатуға бара жатқан қызыл әскердің жазалау отрядындағы қырық адам мен қазақтың Қарақыз есімді намысшыл жігітінің арасындағы текетірес жайында. «... Біз ешкімнің айтқанына көнбейміз. Біз төңкеріс жасаушылармыз..» [5;121], - деп үкіметтің атын жамылып ойына келгенді жасап жүрген сойқандардың қазақтарды «жабайы» деп, Оспан батырды «бұзық» деп даттауы рухты Қарақыздың намысын оятпай қоймайды. Бұл қырықтың жазасын Қарақыз өзі береді: «- Қырыққа бір! Сөйтті де рульді шұғыл бұрып қалып, қас қаққандай бір сәттің арасында көпірдің ернеуіндегі жақтауын бұза, көк иірім өзенге бір-ақ атылды. - Қырыққа - бір! – деді ол құлдырап ұшып бара жатып, соңғы рет тағы бір қайталап...» [5;123].

Жақсылық Сәмитұлы қай шығармасында болсын жанама мінездеуді өте шебер пайдаланады. Бұл сөзімізге дәлел бола алатын «Ұмытылмас қонақасы» және «Қамашпен қайта кездесу» әңгімелері.

«Қамашпен қайта кездесу» әңгімесінде талдырмаш, қыпша бел Қамаш сынды арудың тағдыр салқан ауыртпалықтан түскен хәлін үй-жайын сипаттау арқылы жеткізеді: «...Үй іші күнгірт, шаң басқан төрт көзді терезесі де биікте екен. Мұнда көп дүние көрінбейді. Бір жақ бұрышқа жиылған аласа жүктің бетінде көнетоз көк одеал көлбіреп тұр. Қазан-аяқ жақ қабырғада сырланбаған ағаш төсектің үстінде қызыл жиек басқан сырмақтың жарымын жасырып, сары серкенің терісі жатыр. Арсиып тұрған ағаштың қоспаларынан төсекті жасаушының да тым олақ екені байқалады...» [4; 14].

Ал «Ұмытылмас қонақасы» әңгімесінде: «...Үй ішіндегі жасау-жабдықтар жаңа тірлік, жас отау екенін әйгілеп тұрса да, ерлізайыпты екеуінің де білімді, көргенді, әдепті екендігі сөз-әрекеттерінен білініп тұр...» - деп үй иесінің жай-жапсарын анық көрсетіп тұр.

Көркем шығарманың құрылымын толықтыра түсетін тек композиция мен сюжет қана емес, сонымен қатар пейзаж мен баяндау екені белгілі. Баяндау тәсілі әр жазушының стиліне қарай өзгеріп отыратыны да аян.

Оқиғаның желісімен бірге кейіпкер мінезін жасау, одан әрі шығарманы дамыта отырып

баяндау эпикалық туындылардағы ерекшелік екенін білеміз. Әңгімедегі оқиғалар желісі шығарманың сюжетін көрсетеді. Осы тұста Жақсылық Сәмитұлы шығармаларындағы оқиға желісі көбінесе бірінші жақтан баяндалатынын атап өткен жөн. Бірақ автор оқиғадан тым алшақ деп айта алмаймыз, себебі суреттеліп отырған жағдайлардың барлығында автор бақылаушы, әңгімелеуші ретінде қатысып отырады.

Оқиғаны баяндау бірінші жақтан болатын шығармалар жазушының тек лиро-эпикалық шығармаларында ғана емес, басқа да әңгімелері мен хикаяттарында байқалады. Оған мысал «Айым менің», «Сұлудың шарапаты», «Бөгенай», «Ұрпақ» және т.б. әңгімелері.

«Айым менің » әңгімесінде бас кейіпкер өзінің үйлену хикаясын досына бірінші жақтан баяндап береді. Қызығы, бұл әңгіме тек үйлену жай-жапсарын көрсетіп қоймайды. Алғашында оқырман жеңіл тақырыптағы оқиғаны күтіп отырса, баяндау барысында жалған айыптан жапа шегіп, талай қиындықтан өтіп, нағыз ғашығын тапқан жігіттің оқиғасымен аяқталады.

Ал «Сұлудың шарапаты» әңгімесінде сұлу арудың арқасында бүтін бір отбасының басына аяқ астынан қонған бақ жайында баяндалады. Оны да бас кейіпкер бірінші жақтан баяндайды. Атына қарап ғашықтық жайындағы әңгіме деген ой тудырғанымен, оқиға желісі сіз күтпеген арнаға ауысады. Бұл да бір жазушы шеберлігін белгісі деп білеміз.

«Бөгенай» әңгімесі нағашы атасына қонаққа келген бала атынан баяндалады. Бұл әңгімеді отбасылық және ұлттық құндылықтар дәріптеледі.

«Ұрпақ» әңгімесінен қазақ халқы үшін маңызды ұғымдардың бірі ұрпақ жалғастыру мәселесі көтеріледі. Оқиғаны жалғыз баласынан айырылған ананың зарына еріксіз куә болған адам баяндайды. Әңгімені куәгердің бірінші жақтан баяндауы ана қайғысын жеткізуде табылған әдіс болған. Автордың бұл шешімі әңгіменің көркемдік ерекшелігін арттырып, философиялық ойын тереңге бойлатып тұр.

Жақсылық Сәмитұлының шығармаларында пейзаж «Қаһарлы Алтай » романының көркемдігін арттырып тұрған бірден бір құрал деп айтсақ артық айтпаймыз. Романның бірінші томында: «...Қазір қыс іші. Өзеннің мұзы әлі қалың, шымыр кез. Солай бола тұрса да, өзеннің көрінген жерінен өте беруге келмейді. Екі жағы – биік жар, қалың ши, шеңгел, жыныс тоғай. Бірде қалың тал, бірде қопа шеңгел жолыңды кес-кестеп бөгейді де отырады. Жол біресе қырға шығып, сылдыр қаққан сырғалы шеңгелдерге аттың қабырғасын, жүргіншінің тізесін тырнатып, енді бірде мұз үстімен өзенді өрлеп кетеді. Кейде бірнеше түбекті айналып, өзеннен неше рет кесіп өтіп, ирек-ирек жол тартады...» [6; 31], - деп өлкедегі пейзажды көркем суреттеу арқылы ел басына төнкелі тұрған қауіп жайында ескертіп тұрғандай. Тарихи трилогияның әр кітабында бұндай көркем пейзаж толып жатыр.

Бұл мақалада қаламы қарымды жазушы Жақсылық Сәмитұлының санаулы еңбектеріндегі көркемдік әлеміне шолу жасадық. Байқағанымыздай, жазушының шығармаларындағы тақырып ауқымы кең, деседе әр туындысында автордың өзіне тән қолтаңбас көрінеді. Бір әңгімесі ана қадірін арттырып тұрса, енді бірі махаббат тақырыбын жырлайды, ал келесісі қазақ жастары бойындағы өршіл рухты дәріптейді. Тіпті ұлттық дәстүрден сыр шертетін, туған жердің қадір-қасиетін баяндайтын туындылары да жоқ емес. Қазақ әдебиетін осындай құнды жәдігерлермен толықтырған, жүрегі қазағым деп соққан, саналы ғұмырын әділдік жолында сүрген тұлғаның баянды өмірі бәрімізге үлгі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы қоғамдық кеңесінің құрамы. Классикалық зерреулер. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 413 б.
2. Гүлжаһан Орда. Жақсылық Сәмитұлының өмірі мен шығармашылығы // Ж.Сәмитұлының 75 жылдығына арналған «Қазіргі қазақ прозасының өзекті мәселелері» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы. – Алматы: Palitra Press, 2015. – 9-31 бб.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 361 б.

4. Сәмитұлы Ж. Атамекен: әңгіме, хикаяттар. 1-том. – Алматы: Көкжиек горизонт, 2024. – 484 б.
5. Сәмитұлы Ж. Атамекен: әңгіме, хикаяттар. 2-том. – Алматы: Көкжиек горизонт, 2024. – 472 б.
6. Сәмитұлы Ж. Қаһарлы Алтай. Тарихи трилогия. Бірінші кітап. – Алматы: Көкжиек горизонт, 2023. – 566 б.

АБДУЛ-ХАМИД МАРХАБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА ЖАНРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АЙҚЫНДАУ ХАҚЫНДА ЖАЗҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫНА ТАЛДАУ

КӘДІРХАН Е.Ж.¹, ӘБДИМАНҰЛЫ ӨМІРХАН¹
¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Алматы, Қазақстан)
eldikon@mail.ru

Андатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі ғылыми фантастика жанрының көрнекті өкілі Абдул-Хамид Мархабаевтың шығармашылығы мен ғылыми еңбектері талданады. Мархабаев ғылыми фантастиканы тек қиял-ғажайып әңгіме емес, ғылым мен технологияның болашақтағы ықтимал әсерлерін зерттейтін маңызды пән ретінде қарастырған. Мақалада автордың фантастика жанрындағы негізгі теориялық тұжырымдары, оның ішінде «ғылыми қиял» және «гипотетикалық эксперимент» ұғымдары қарастырылады. Сондай-ақ, өз еңбектеріндегі ғылыми гипотезалар, технологиялық болжамдар мен ғылыми ізденістері жан-жақты талданып, олардың философиялық және этикалық мәні ашылады. Мархабаевтың еңбектері ғылым мен әдебиеттің тоғысында жаңа көркем әлем құрып, болашақ туралы терең ойларға жетелейді. Мақаланың мақсаты – Мархабаевтың ғылыми фантастикаға қосқан үлесін айқындап, оның шығармашылық ерекшеліктерін көрсету.

Түйін сөздер: Абдул-Хамид Мархабаев, ғылыми-фантастика жанры, ғылыми гипотеза, ғылыми қиял, әдебиет пен ғылым тоғысы.

Аннотация. В статье анализируется творчество и научные работы Абдул-Хамида Мархабаева, видного представителя жанра научной фантастики в казахской литературе. Мархабаев рассматривал научную фантастику не только как сказания о фантазии, но и как важную дисциплину, изучающую возможные последствия науки и технологий в будущем. В статье рассматриваются основные теоретические положения автора в жанре фантастики, включая понятия «научное воображение» и «гипотетический эксперимент». Также подробно анализируются научные гипотезы, технологические прогнозы и научные исследования в его работах, а также раскрываются их философское и этическое значение. Работы Мархабаева создают новый художественный мир на стыке науки и литературы, побуждая к глубоким размышлениям о будущем. Цель статьи – определить вклад Мархабаева в научную фантастику и продемонстрировать особенности его творчества.

Ключевые слова: Абдул-Хамид Мархабаев, жанр научной фантастики, научная гипотеза, научное воображение, стык литературы и науки.

Abstract. This article analyzes the work and scientific contributions of Abdulkhamid Markhabaev, a prominent representative of the science fiction genre in Kazakh literature. Markhabaev viewed science fiction not merely as tales of fantasy but as an important discipline that explores the potential impacts of science and technology in the future. The article discusses the author's main theoretical concepts in the genre of science fiction, including the notions of “scientific imagination” and “hypothetical experiment.” It also provides a comprehensive analysis of the scientific hypotheses, technological forecasts, and scientific inquiries presented in his works, exploring their philosophical and ethical implications. Markhabaev's works create a new artistic world at the intersection of science and literature, leading to profound reflections on the future. The aim of the article is to highlight Markhabaev's contribution to science fiction and demonstrate the distinctive features of his creative work.

Keywords: Abdulkhamid Markhabaev, science fiction genre, scientific hypothesis, scientific imagination, intersection of literature and science.